

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 желтоқсанда № 37793 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2027 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 778-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Пайдалы қазбаларды өндіру салығының белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Салық және кеден саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамсыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
– Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдалы қазбаларды өндіру салығының белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 778-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсаттары үшін теңестіру коэффициентін (бұдан әрі – теңестіру коэффициенті) айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) алдыңғы кезең – ағымдағы тоқсанның алдындағы күнтізбелік тоқсанға тең уақыт кезеңі;
- 2) алдағы кезең – ағымдағы күнтізбелік тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан.

2-тарау. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау тәртібі

3. Теңестіру коэффициентін айқындау үшін есепке алудың бақылау аспаптары мен бақылау-касса машиналарының деректерінен, сондай-ақ ашық көздерден, оның ішінде мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілердің ресми интернет-ресурстарын және тауар биржаларын мониторингтеу жолымен алынған деректер пайдаланылады.

4. Салық саясаты саласындағы уәкілетті органға:

1) мемлекеттік органдардың ресми деректері және (немесе) жалпыға қолжетімді ресми ақпарат көздері негізінде – алдыңғы кезеңдегі Қазақстан Республикасымен шекаралас өңірлердегі Аи-92 бензинінің бөлшек саудадағы орташа бағасы;

2) мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі салаларында мемлекеттік басқару аясында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ұсынатын ресми деректер негізінде – алдыңғы кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы Аи-92 бензинінің бөлшек саудадағы орташа бағасы;

3) көмірсутектер саласындағы ұлттық компания – алдыңғы кезеңдегі өнім бірлігіне мұнай өндірудің орташа өндірістік өзіндік құны туралы ақпарат алдағы кезеңнің алдындағы айдың 1-інен кешіктірілмей беріледі.

5. Теңестіру коэффициенті Салық кодексінің 778-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығының әрбір мөлшерлемесі үшін алдағы кезеңге айқындалады.

6. Теңестіру коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{\text{теңес}} = K_0 + (K_{\text{өзг}} * K_{\text{түз}})$, мұндағы:

$K_{\text{теңес}}$

– теңестіру коэффициенті,

K_0

– осы Қағидаларға 1-қосымшаға сай кестеге сәйкес коэффициенттің бастапқы мәні;

$K_{\text{өзг}}$

– мұнай өнімдері бағасының өзгеру коэффициенті;

$K_{\text{түз}}$

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиямен келісу бойынша енгізілетін түзету коэффициенті.

Егер түзету коэффициенті енгізілмеген болса, оның мәні бір бірлікке тең болады.

Мұнай өнімдері бағасының өзгеру коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{өзг}} = \frac{B_{\square} - B_{\text{ҚР}} + \text{өз.күн} * \text{мөлш} + K_0}{\text{өз.күн} * \text{мөлш}}, \text{ мұндағы:}$$

$B_{\square}$

– алдыңғы кезеңдегі Қазақстан Республикасымен шекаралас өңірлердегі Аи-92 бензинінің бөлшек саудадағы орташа бағасы, тоннасына теңгемен;

$B_{\text{ҚР}}$

– алдыңғы кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы Аи-92 бензинінің бөлшек саудадағы орташа бағасы, тоннасына теңгемен;

өз.күн – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын 20 пайызға ұлғайтылған өнім бірлігіне мұнай өндірудің орташа өндірістік өзіндік құны, тоннасына теңгемен;

500 000 тон наға дейі н	0,17	0,17	0,17	0,13	0,11	0,10	0,09	0,09	0,09	0,08	0,08	0,08	0,07	0,07	0,07	0,07	0,06	0,06	0,06
1 000 000 тон наға дейі н	0,18	0,18	0,18	0,14	0,12	0,11	0,11	0,10	0,10	0,09	0,09	0,09	0,08	0,08	0,08	0,07	0,07	0,07	0,07
2 000 000 тон наға дейі н	0,20	0,20	0,20	0,15	0,13	0,12	0,12	0,11	0,11	0,10	0,10	0,10	0,09	0,09	0,09	0,08	0,08	0,08	0,08
3 000 000 тон наға дейі н	0,21	0,21	0,21	0,16	0,14	0,13	0,13	0,12	0,12	0,11	0,11	0,10	0,10	0,10	0,09	0,09	0,09	0,08	0,09
4 000 000 тон наға дейі н	0,22	0,22	0,22	0,17	0,15	0,14	0,13	0,13	0,13	0,12	0,11	0,11	0,11	0,10	0,10	0,10	0,09	0,09	0,09
5 000 000 тон наға дейі н	0,23	0,23	0,23	0,18	0,16	0,15	0,14	0,14	0,13	0,13	0,12	0,12	0,11	0,11	0,11	0,10	0,10	0,10	0,10
7 000 000 тон наға дейі н	0,24	0,24	0,24	0,19	0,17	0,16	0,15	0,15	0,14	0,14	0,13	0,13	0,12	0,12	0,12	0,11	0,11	0,10	0,11
10 000 000 тон	0,26	0,26	0,26	0,21	0,19	0,17	0,17	0,16	0,16	0,15	0,14	0,14	0,13	0,13	0,13	0,12	0,12		0,12

[illegible]

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК